

Сейсенбаева А.

PhD доктор, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, жетекші ғылыми қызметкер,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: s.akbota@mail.ru

**РЕПАТРИАНТТАР (ОРАЛМАН) МӘСЕЛЕСІНІҢ
ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ**

Бұл мақала тарихи тағдырмен шет елдерге ауып кеткен қазақ халқының Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап, яғни 1991 – 2014 жылдар аралығында Жетісу аумағына орналасқан қазақ репатрианттарының көші-қонына және этномәдени үдерістеріне арналған. Оның ішінде автор, сонымен қатар диаспора, репатрианттар, этникалық топтардың мәдени өмірін саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын, этномәдени мұраларының сақталуы мен өзгерісі, Отанға қоныстану үдерісіндегі жергілікті ортаға бейімделу мәселелерін, олардың еліміздің саяси, әлеуметтік, мәдени дамуындағы рөлі туралы қалам тартып жүрген отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері қарастырылған.

Түйін сөздер: Қазақстан, Жетісу, диаспора, репатриация, көші-қон, адаптация, дәстүр, миграция.

Seisenbayeva A.

PhD Doctor, National museum of the RK, leading research,
Kazakhstan, Astana, e-mail: s.akbota@mail.ru

Research level of repatriates (oralman) issue

This article is devoted to the migration and ethnic processes of the Kazakh repatriates of Zhetysu since the Independence of Kazakhstan, i.e. during 1991-2014. The author describes diaspora, repatriates, cultural life and political socio-economic conditions of the ethnic groups, ethnocultural heritage preservation and changes, adaptation to the local environment during their settlement process, academic papers of domestic and foreign scholars about their role in our country's political, social and cultural development. As well as, the significant data are considered which help to cover the given topic.

Key words: Kazakhstan, Zhetysu, diaspora, repatriation, settlement, adaptation, tradition, migration.

Сейсенбаева А.

PhD доктор, Национальный музей Республики Казахстан, ведущий научный сотрудник,
Казахстан, г. Астана, e-mail: s.akbota@mail.ru

Проблемы исследования репатриантов (оралман)

Эта статья посвящена миграции и этническим процессам казахстанских репатриантов Жетісу с момента независимости Казахстана, то есть в период 1991-2014 годов. Автор описывает диаспору, репатриантов, культурную жизнь и политические социально-экономические условия этнических групп, сохранение и изменения в этнокультурном наследии, адаптацию к местным условиям в процессе их поселения и научные труды отечественных и зарубежных ученых, которые рассматривают репатриантов, их роль в политическом, социальном и культурном развитии. Кроме того, рассматриваются важные данные, которые помогают охватить данную тему.

Ключевые слова: Казахстан, Жетісу, диаспора, репатриация, переселение, адаптация, традиция, миграция.

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемдік өркениетте диаспора, репатрианттар, этникалық топтардың мәдени өмірін саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларын, этномәдени мұраларының сақталуы мен өзгерісін зерттеу және сол арқылы ұлт-аралық және этникааралық үдерістерді сараптап, олардың маңызы мен салдарын болашақ ұрпаққа ашып, айқындап, қазіргі заман талаптарымен сәйкестендіруіміз аса маңызды орын алады.

Міне, сол сырттағы қазақтарды еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаев «Алыстағы ағайындарға ақ тілек» деген айдармен, тарихи зобаландардың зардабынан төрткүл дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылып кеткен қандастарымызды жер бетіндегі жалғыз ортақ Отанымыз Қазақстанға шақырды (Назарбаев Н.Ә. 2000: 1) Соның нәтижесінде 1991 жылдардан бастап әлемнің түкпір-түкпірінен тарихи тағдырмен шетелдерге ауа көшкен қазақтар тарихи Отанына оралуда.

Отандық зерттеушілер еңбегіндегі репатрианттар мәселесі

Елбасының ұстанған саясатының арқасында Тәуелсіздіктің 20 жылында алыс және жақын шетелдерден өз тарихи Отаны – Қазақстан Республикасына 1991-2011 жылдар аралығында 221,3 мың отбасы, яғни 860,4 мың қазақ елге оралды (Әбжанов Х.М. 2012: 2, 40). Олардың біраз бөлігінің Жетісу өңіріне қоныс аударуы да аймақтың табиғи-климаттық жағдайының қолайлылығымен байланысты болса, бір жағынан, халықтың өз шаруашылығын өркендетіп, өмір сүруіне де ыңғайлы болды. Қазіргі кезеңде Жетісу аймағы даму даңғылына түскен. Елбасының елдің ертеңі, мемлекеттің болашағы туралы сөз қозғағанда, Жетісу өңірін айналып өтпейтіні белгілі. Сондықтан да болар әр кезеңдердегі тарихи зобаландардың салдарынан сырт жерлерге ауып, бүгінде атамекеніне оралған қандастарымызды да Жетісу аумағына қоныстану жағынан еліміздің Оңтүстік аймағынан кейінгі екінші орынды алып отыр. Мәселен, 1991–2014 жылдар аралығында мәліметтер бойынша осы өңірге 176141 оралман келіп орналасқан (Алматы облысының жұмыспен қамту орталығының көші-қон бөлімі, 2014: 3) Олар тарихи Отанынан жүздеген, ондаған жылдар бойы сырт жүрсе де, өзінің ұлттық мәдениетін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, атадан балаға мирас етіп, этно-

мәдени мұраларының қалпын бұзбай келеді. Бүгінде отандастарымыздың дәстүрлі мәдениетіндегі кейбір ұлттық нақыштағы дәстүріміз, өнеріміз қазақ мәдениетінің кейбір ұмыт бола бастаған тұстарын толықтырып, жандандыруда.

Қазіргі кезеңде дәстүрлі мәдениетіміздің жұрнағын таратушы қандастарымыздың ұлттық мұраларының сақталуы мен өзгерісін, тарихи Отанға қоныстану үдерісіндегі жергілікті ортаға бейімделу мәселелерін, олардың еліміздің саяси, әлеуметтік, мәдени дамуындағы рөлін зерттеудің маңызы зор. Олай болса, басқа халықтар әлемінде өмір сүрген қазақ репатрианттарының ұлттық болмысын, мәдени мұраларын зерттеу арқылы ұлттық идеяны қалыптастырып, қазақ халқының біртұтастығын қамтамасыз ете аламыз.

Тарихи отанына оралған қандастарымызға көші-қоны, орналасу, бейімделу мәселелерін шешуде мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілгені белгілі. Бірақ осы көрсетілген көмек, атқарылған шараларға қарамастан оралмандар арасында әлі де болса жергілікті ортаға бейімделу барысында ақтаңдақ тұстар баршылық. Сол себепті елге оралған қандастарымыздың көші-қонындағы орналасу ерекшеліктерін, әлеуметтік-мәдени, рухани тыныс-тіршілігіндегі сұраныстары мен мәселелерін ашып, талдау арқылы ұлт бірлігін нығайта аламыз. Сондай-ақ көшіп келген қандастарымыз қазақ халқының тұтастығын көздейтін болсақ, олардың дәстүрлі мәдениетімен қазіргі жағдайдағы этномәдени үдерістеріндегі мәдени мұраларының сақталуы мен жалғастылығын зерделеу қажет. Сонымен қатар өз атамекеніне оралып жатқан қандастарымызды тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеу олардың мәдени қажеттілік сұраныстарын қанағаттандырып қана қоймай, халқымыздың мәдени мұраларын жоғалтпай, қайта тірілтуге, жандандыруға, мәдениетіміздің озық үлгілерін насихаттауға мүмкіндік береді.

Міне, сондықтанда сол дәстүрлі мәдениеттің сарқыншағы мен жұрнағын сақтап келген Жетісу аумағына көшіп келген қандастарымыздың отанына келіп орналасуы, олардың этномәдени ерекшеліктері, жергілікті халыққа бейімделуінің жай-күйлері, қыр-сырлары, сіңісуі маңызды, сонымен қатар оның тарихымызда ерекше рөлін көрсету және оны дәлелдеу, тарихи-теориялық болжамдық және тәжірибелік жағынан талдау, қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі болып саналады.

Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан үшін қазақ диаспорасы мәселесі тек 1991 жылдан бастап ғылыми тұрғыда зерттеліне бастады.

Қазақ диаспорасының шетелдерге қоныстану себептері, қазіргі кезеңдегі мәселелері жөнінде жазылған еңбектер баршылық. Мәселен, қазақ диаспорасының теориялық-методологиялық аспектілерін, қазақтардың шетелдерге қоныс аудару себептерін айқындауда Г.М. Мендікұлованың зерттеулерінің орны ерекше деп санаймыз (Мендикулова, 2006: 4, 94). Сол сияқты қазақ диаспорасының тарихына байланысты жазған көптеген зерттеушілердің, мәселен, З. Қинаятұлы (Қинаятұлы, 2007: 5, 255), Н. Мұхамедханұлы (Мұхамедханұлы, 2000: 6, 54), Қ.И. Қобландин (Қобландин, Мендикулова, 2009. 7, 74) т.с.с еңбектерін атап өтуге болады. Бірақ, шеттегі қандастырымызды тарихи этнографиялық тұрғыдан зерттеген еңбектер санаулы десек, артық айтқандық емес. Мәселен, оларға Д. Ескекбаев, Ә. Төлеубаев (Төлеубаев, Ескекбаев, 2004: 170), Б.К. Қалшабаева (Қалшабаева, 2011: 9). Сондай-ақ осы автордың А.Қ. Бейсеғұловамен бірлесіп жазылған «Түркия қазақтары» (Қалшабаева, Бейсеғұлова, 2013: 10) атты еңбектер жатады.

Ал елімізде ғалымдардың репатриация мәселесін, олардың елге оралудағы объективті, субъективті себептерін зерттеу өткен ғасырдың 90-жылдарынан бастап қолға алына бастады. Бірақ, олардың көші-қоны, орналасу, рулық құрамы мен этнографиялық ерекшеліктері жөнінде тұтас жазылған еңбектер жоқтың қасы еді. Оның ішінде Жетісуға орналасқан оралман-қандастарымыздың этномәдениеті мен қазіргі кезеңдегі мәселелері жөнінде арнайы жазылған еңбектер мүлдем жоқ деуге болады. Жалпы, оралмандардың әлеуметтік мәселелері, көші-қоны жөнінде жазылған мақалалардың көпшілігі мерзімдік баспасөз беттерінде жарық көрді. Ал арнайы зерттеулер қатарына және біздің жұмысымыздың кейбір тұстарына арқау болған еңбектерге талдау жасайық.

Сырттағы қазақтардың алғашқы көші-қоны, осы елге көшудегі қиыншылықтар жөнінде Е.Ю. Садовскаяның «Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы» деген еңбегін атауға болады (Садовская, 2001: 105-109). Автор бұл еңбегінде еліміз тәуелсіздік алған жылдары алғашқылар болып келген Моңғолиядағы қазақтардың елге оралуындағы негізгі факторлар: олардың ұлттық болмысын, дәстүрлі мәдениетін сақтап қалу, болашақ ұрпақтың қамы, яғни өз елінде білім алып көркею, т.с.с. себептерді көрсетеді. Ал К.Қ. Нұрымбетованың «Тәуелсіз Қазақстандағы репатриация мәселелері мен болашағы: тарихи талдау (1991-2008 жж.)» докторлық ғылыми

диссертациясында Тәуелсіз Қазақстандағы 1990 жылдардағы репатриация үрдісінің барысы мен ерекшеліктері және Тәуелсіз Қазақстандағы 2000 жылдардағы репатриация үрдісінің ерекшелігі, оралмандардың облыстар бойынша орналасуына жүйелендірілген жұмыс деп айтуға болады (Нұрымбетова, 2010: 25). Шуршитбай Бейбітгүлдің «Қазақ баспасөзіндегі оралмандар мәселесі: тарихи талдау (1991-2009)» (Шуршитбай, 2010: 139) атты диссертациясы да біздің зерттеп отырған мәселемізге арқау болады. Сондай-ақ қазақ диаспорасы мен оралмандар мәселесі, көші-қоны жөнінде отандық және шетел мұрағаттарынан алынған, бұрын жарық көрмеген құжаттарды пайдалана отырып, тарихи айналымға түсірген «Казахская диаспора: настоящее и будущее» деген авторлық ұжыммен шыққан К.Н. Балтабаева, А.Ж. Баймағамбетованың еңбектерінде қазақтардың Моңғолиядан Қазақстанға қоныс аудару себептерін көрсетеді. (Балтабаева, Баймағамбетова, 2012: 14, 78). Ал Б.К. Қалшабаева өзінің еңбегін Орта Азиядағы қазақ диаспорасының этникалық тарихы мен этнографиялық ерекшеліктеріне арнай отырып, аталған аумақтан тарихи отанына оралған қандастарымыздың оралуы, қоныстану тәртібі, рулық құрамы, саны және қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-мәдени мәселелері жөнінде бір тарауында қарастырады. Бұл еңбекте Орта Азиядан көшіп келген қазақ репатрианттарының қоныстану аймақтары мен статистикалық мәліметтеріне байланысты құнды мәлімет аламыз (Қалшабаева, 2011: 275).

Сондай-ақ, Қ.Қ. Сүлейменова «Алматы агломерациясы: этнодемографиялық және миграциялық даму ерекшеліктері мен динамикасы (1991-2007 жж.)» атты ғылыми жұмысының екінші бөлімінде «Этнодемографиялық үрдістердің динамикасына оралмандардың әсері» атты тараушасында Алматы облысына шетелдерден келген оралмандардың санына талдау жүргізіліп, орналасу мәселелерін қарастырған (Сүлейменова, 2009: 15).

Қазақстандағы миграцияға шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектерін талдай отырып, Жетісу аумағындағы қазақ репатрианттарының жергілікті халықтармен байланысын, оның ішінде, неке, әлеуметтік мәселелерін көрсеткен маңызды зерттеулер белгілі ғалым-этнограф А.Б. Қалыш және Д. Қасымованың «Пути интеграции оралманов в казахстанское общество: реалии и вызовы» атты (Қалыш, Қасымова, 2013: 16, 203 с.) ғылыми еңбегі мен «Поле и смыслы социокультурной интегра-

ции этнических репатриантов» атты (Қалыш, Қасымова, 2014: 17) монографиясы болып табылады. Қазақстандағы миграциялық үдерістер және оралмандардың әлеуметтік адаптациясына социологиялық талдау жүргізген М.С. Садырова, С.А. Амитованың да (Садырова, Амитов, 2014: 18) еңбектерінің маңызы жоғары.

Сондай-ақ Б.К. Қалшабаеваның жетекшілігіндегі (№1147) «Қазақ диаспорасы және репатриация: этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу» атты ғылыми жоба есептеріндегі Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Түркия т.б. мемлекеттерінен Жетісу аумағына қоныстанған қазақ репатрианттарының этномәдени ерекшеліктері жөніндегі мәліметтер де құнды болып саналады (№1147 ғылыми жоба. 19). А. Қалыштың жетекшілігіндегі МК «Отанға оралу: үміт пен шындық (қазақ қоғамындағы оралмандардың психологиялық бейімделу мәселесі)» атты ғылыми жобасының да (№0620) біздің зерттеуімізге тигізетін маңызы жоғары (№0620 МК ғылыми жоба, 20).

Оралмандардың тарихи отанына оралуы мен орналасуы, азаматтық алуы, әлеуметтік қамтылуы т.б. көптеген мәселелер еліміздің мерзімдік баспасөздерінде жиі жарияланып тұрады. Олардың қатарына Н. Мұхаметханұлы (Мұхаметханұлы, 2011.), З. Қинаятұлы (Қинаятұлы, 2012: 5), Қ. Бодаухан (Бодаухан, 2012: 376), И. Жеменей (Жеменей, 2012: 137-139), Е. Кәпқызы (www.qazaq-alemi.kz. 2014.), Д. Баймолда (Баймолда, 2012: 73-77), Т.А. Мамашев (Мамашев, 2012: 3-10), т.б. авторлардың мазмұнды мақалаларын атап өтуіміз керек. Осы жерде «Дүние жүзі қазақтар қауымдастығы» жанынан шығатын «Алтын бесік» журналына жеке тоқталып өтпеске болмайды. Бұл басылым бізге елге көшіп келіп жатқан қандастарымыздың жағдайы туралы маңызды мәліметтер береді.

Алмағайып кезеңдерді бастан кешіп, әлемнің 40-қа жуық елінде тарыдай шашырап өмір сүріп жатқан отандастарымызбен байланыс жасап, көші-қон мәселелерін реттеу, мәдени сұранысын қанағаттандыруда Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының атқарып отырған еңбектерін де назардан тыс қалдырмауымыз керек. Сонымен бірге әлем қазақтары Құрылтайының да маңызы зор. Осы тұрғыда құрылтай жиналысы туралы түрлі деректер, құжаттар, баспасөз материалдары, оралған қандастарымыздың көші-қонға байланысты ой-пікірлері жинақталған «Ұлттың ұлы жиыны» атты еңбек те ғылыми зерттеуіміздің құнды дерегіне айналды (Ұлттың ұлы жиыны. 2012: 28, 405 б.).

Шетелдік зерттеушілер еңбегіндегі репатрианттар мәселесі

Сонымен қатар Қазақстандағы оралмандар мәселесі шетелдік зерттеушілер назарынан да тыс қалып отырған жоқ. Солардың бірі көптеген жылдар бойы қазақ репатрианттарының мәдениетін, салт-дәстүрін зерттеп жүрген Цюрих университетінің профессоры, неміс этнографы Петер Финкені атауға болады. Оның Қазақстанда жүргізген далалық материалдар негізінде жарық көрген «Historical Nomelands and Transnational Ties: the Case of the Mongolian Kazaks» (Fince, Sancak, 2005. 161) атты еңбегінде автор Моңғолиядан көшіп келген қандастарымыз жайлы, оның ішінде миграциялық, бейімделу мәселесіне және мәдени өміріне байланысты құнды мәліметтер береді. Сондай-ақ түрік зерттеушісі Мелтем Сансакпен бірге «Migration and Risk Taking A Case Studu from Kazakhstan» атты мақаласы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, яғни 1991 жылдан бастап көшіп келген репатрианттарға байланысты шетелдік зерттеушілердің көзқарастарымен салыстырып жазылған маңызды дерек болады (Fince, 2014: 175). Сондай-ақ түрік зерттеушісі Isik Kuscu (Kuscu, 2012: 31-44) еңбектерінде негізінен Орта Азиядан келген қандастарымыздың мәдени өміріндегі ерекшеліктері жөнінде жазылады. Мұнан басқа алыс шетелдік зерттеушілердің репатриант мағынасының теориялық және методологиялық аспектілерін, көші-қон саясатына байланысты және елімізге көшіп келіп жатқан оралмандардың саяси және мәдени мәселелері жөнінде жазылған I. Svanberg (Сванберг, 2005: 211 б.), Н. Barcus, С. Werner (Barcus, Werner, 2010. 209) атауға болады. Сонымен қатар америкалық батыс зерттеуші Bhavna Dave (Bhavna Dave, 2010: 400) өзінің зерттеуінде Қазақстандағы оралмандар мәселесін мемлекеттің қазіргі заманғы саясатының бір бағыты деп қарастырса, ал Uzi Rebhun (Rebhun, 2009:250) өз еңбегінде оралмандардың елге оралуындағы оң және теріс жағдайларды талдайды. Жалпы, «Репатриация» ұғымының теориялық және методологиялық мәселесін талдай отырып, жазған Ресей және Польша зерттеушілерінің, мысалы В.А. Ионцев (Ионцев, 1999: 28), М. Околский (Околский, 2002), Ж. Здислауа (Здислауа, 2003: 7), П. Хаттың (Хат, 1992-2000) еңбектерін атауға болады. Міне, осы аталған еңбектердің барлығы біздің зерттеуіміздің кейбір тұстарын ашуда құнды мәліметтер, бағыт-бағдар береді.

Деректік негіздер

Репатрианттар мәселесін зерттеуде әр кезеңдердегі санақтар (1999, 2009 жж.) мен статистикалық жылнамалар, материалдар, Қазақстан Республикасы статистика агенттігінің, ҚР Ішкі істер министрлігі мен азаматтық және иммиграциялық басқару бөлімінің, Алматы облыстық көші-қон полициясының мәліметтері, көші-қон агенттігінен алынған статистикалық мәліметтер мен ауылдық округтердің 1991-2014 жылдардағы оралмандарды тіркеу кітапшасынан маңызды мағлұматтар ала аламыз.

Деректердің екінші тобын Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан халқына *Жолдауындағы оралмандарға қатысты мәліметтері*, Қазақстан Республикасының репатриант-қазақтарға (оралмандарға) қатысты: Қазақстан Республикасының Ата Заңы (1995), Қазақстан Республикасы азаматтығы туралы (1991), Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайлары туралы (1995), Халықтың көші-қоны туралы (1997, 2002) Заңдары т.б. *нормативтік-құқықтық құжаттары*, сонымен қатар *Қазақстан Республикасы Үкіметінің*: Этникалық қазақтардың тарихи отанына репатриациялау концепциясы туралы №900 (1998), Оралмандарды қоныстандыру шаралары туралы №957 (1998), Еңбек көші-қон және қоныс аудару тәртібімен тарихи Отанына оралған қазақ ұлты тұлғаларының құқығын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар №707 (1998) *қаулылары*, Шетелде тұратын отандастарды қолдаудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдар-

ламасы (2005), 2008-2010 жылдарға арналған «Нұрлы көш» ұлттық бағдарламасы (2008), т.б. *мемлекеттік бағдарламаларды қамтиды*.

Зерттеудегі деректік материалдардың үшінші бір тобын I Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы (Алматы, 1992), II Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы (Түркістан, 2002), III Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы (Астана, 2005), IV Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы (Астана, 2011) материалдары құрайды.

Деректердің төртінші бір бөлігіне далалық материалдар мен мұрағат құжаттары кіреді. Оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағатының (ҚР ПМҚ) 5 – Н-қ. 1-т. 3890-іс. 15-п., 6-т. 1108-іс. 1-3-ш. және т.б қорларды айтуға болады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақстан үшін қазақ диаспорасы мәселесі тек 1991 жылдан бастап ғылыми тұрғыда зерттеліне бастады. Отандық зерттеушілер өз еңбектерінде репатрианттардың шетелдерге қоныстану себептері, қазіргі кезеңдегі мәселелерін зерделеп, көшіп келіп жатқан қандастарымыздың жағдайы туралы маңызды мәліметтер береді. Шетелдік зерттеушілер еңбектерінде репатрианттардың отанға оралуы, репатриант мағынасының теориялық және методологиялық аспектілері, көші-қон саясатына байланысты және елімізге көшіп келіп жатқан оралмандардың саяси және мәдени мәселелері жөнінде миграция, ұлтаралық және этникааралық үдерістер, олардың маңызы мен салдары сөзге тиек етілген.

Әдебиеттер

- «Қазақ диаспорасы және репатриация: этномәдени мұраларын зерттеу және тарихи Отанға бейімделу» атты №1147 ғылыми жоба аясында Жетісу аумағына жүргізілген экспедиция материалдары. – Алматы, 2013.
- Bargus H, Werner C. (2010). The Kazakhs of Western Mongolia: Transnational Migration from 1990-2008 // *Asian Ethnicity*. – № 2(11). – P. 209-228
- Bhavna Dave, (2010). *Politics of Modern Central Asia: The changing geopolitical context*. – USA: Routledge. – 400 p.
- Fince P. (2014). Historical Nomelands and Transnational Ties: the Case of the Mongolian Kazaks, *Zeitschrift fur Ethnologie* 138 (2013). – Zurich. – P. 175-194.
- Fince P., Sancak M. (2005). Migration and Risk Taking A Case Studu from Kazakhstan \ Migration and Economy. *Global and Local Dynamics*. – 161p.
- Hut Paweł. Warunki zycja i proces adaptacji repatriantow w latach 1992–2000. Warszawa. URL: <http://www.biuletynmigracyjny.uw.edu.pl/2002>
- Isik, Kuscu. (2012). Constructing the homeland: Kazakhstan’s discourse and policies surrounding its ethnic return-migration policy», in *Central Asian Survey*. – Vol. 31. – №1. – P. 31-44
- Okolski M. *Wielka Encyklopedia*. PWN, Warszawa: <http://www.biuletynmigracyjny.uw.edu.pl/2002>
- Uzi Rebhun. (2009). Immigration, ethnicity, and housing—Success hierarchies in Israel // *Research in Social Stratification and Mobility*. – P. 219-243.

Zdzisław J. (2003). Winnicki. Fale migracji polskich na przestrzeni dziejów // Repatriacja jako element polityki demograficznej Polski. Materiały z konferencji. Poznań. – 7 с.

Алматы облысының жұмыспен қамту орталығының көші-қон бөлімінен алған мәліметтер бойынша. – Талдықорған, 2014.

Әбжанов Х.М. (2012). Оралмандар және ұлттық идея // Қазақстан және шетелдегі қазақтар. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы. – 40 б.

Баймолда Д. (2012). Этникалық қазақ көшінің қазіргі жағдайы // Қазақстан және шетелдегі қазақтар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдарынан. – Алматы, 2012. – 73-77 бб.

Балтабаева К.Н. Баймағамбетова А.Ж. (2012). Репатриация зарубежных казахов в Казахстан: Отечественная историография // Қазақстан және шетелдегі қазақтар. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Атажұрт. – 376 б.

Бодаухан Қ. (2012). Республикадағы көші-қон үрдісі туралы // Қазақстан және шетелдегі қазақтар. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығы. – 376 б.

Есенгүл Кәпқызы. Көші-қон // www.qazaq-alemi.kz. 2014.

Жеменей И. (2012). Көші қон және бейімделу мәселелері // Қазақстан және шетелдегі қазақтар: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының құрылғанына 20 жыл толуына орай өткізілген халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарынан. Алматы. – 137-139 бб.

Ионцев В.А. (1999). Международная миграция населения: теория и история изучения. – Москва. МГУ. – Вып. 3. – 28 с.

Қалшабаева Б.К. (2011). Орталық Азиядағы қазақтар. – Алматы: Қазақ университеті. – 406 б.

Қалшабаева Б.К., Бейсеғұлова А.Қ. (2013). Түркия қазақтары (этникалық тарихы, этнографиялық ерекшеліктері). – Алматы: Қазақ университеті. – 137 б.

Қалыш А.Б., Қасымова Д. (2014). Поле и смыслы социокультурной интеграции этнических репатриантов. – Алматы: Қазақ университеті. – 240 с.

Қалыш А. Отанға оралу: үміт пен шындық (қазақ қоғамындағы оралмандардың психологиялық бейімделу мәселесі) №0620 МК ғылыми жобасы.

Қалыш А.Б., Қасымова Д. (2013). Пути интеграции оралманов в казахстанское общество: реалии и вызовы. – Алматы: Қазақ университеті. – 203 с.

Қинаятұлы З. (2012). Қазақ көшінің бүгінгі мен ертеңі // Түркістан. – №43. – 23 қазан. – 5 б.

Қинаятұлы З. (2007). Моңғолиядағы қазақтар. – Алматы: Атажұрт, 2007.